

«Павлодар қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі
Оқу-әдістемелік кеңес отырысының
№ 11 ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: 2025 ж. 29 мамыр

Өткізу уақыты: 15.00

Өткізу орны: № 412, мәжіліс залы

Төрағасы – Ж.К. Асаинова, Павлодар қаласының білім беру бөлімі басшысының м.а.

Хатшы – С.Ж. Алимова, әдістемелік кабинет әдіскері

Қатысқандар: 18 адам (2024 ж. 5 маусымдағы № 1-03/268 бұйрығы, 2025 ж. 5 ақпандағы № 1-03/54 бұйрығы)

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагогикалық қызметкерлердің оқу-әдістемелік материалдарын сараптамадан өткізу.

ТЫНДАЛДЫ:

- Оқу-әдістемелік кеңес хатшысы С. Алимова кеңестің қарауына барлығы 55 материалдар (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру - 34; мектепке дейінгі білім беру – 14, қосымша білім беру - 7) ұсынылғанын мәлімдеді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

- Әдістемелік кабинет меңгерушісі А. Сипатова кеңестің мақсаты мен міндеттерін, сараптамаға келіп түскен материалдардың құпиялылығын, сондай-ақ академиялық адалдықты сақтауды еске салды. Оқу-әдістемелік кеңестің ережесі бойынша авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын талаптарын атап өтті.

ТЫНДАЛДЫ:

- Әр пәндер бойынша кеңестің мүшелері ұсынылған жұмыстардың құрылымы жөнінде өз пікірлерін білдірді. Олар жұмыстардың мақсаттары, міндеттері, құрылымы, мазмұны және қолданылған әдістеріне ерекше назар аударды. Кейбір жұмыстардың құрылымына қатысты ұсыныстар мен ескертулер жасалды. Сонымен қатар, жұмыстардың білім беру стандарттарына сәйкестігі, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай келуі және қолданылған әдістердің тиімділігі қарастырылды.

ШЕШТІ:

1. № 1 қосымшада көрсетілген оқу-әдістемелік материалдар қаланың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылсын.

2. № 2 қосымшада көрсетілген оқу-әдістемелік материалдар қаланың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылсын.

3. № 3 қосымшада көрсетілген оқу-әдістемелік материалдар қаланың қосымша білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылсын.

Төрағасы

Хатшы



Ж. Асаинова

С. Алимова

№ 1 қосымша

№	Педагогтің аты-жөні	Білім беру ұйымы	Лауазымы	Тақырыбы
1	Кошумбекова Жанар Булатовна	№48 санаторлық сәбилер бақшасы	Тәрбиеші	Сенсорика әлемі: сенсорлық интеграциялық элементтері бар ойындар
2	Смагулова Жанна Муктаровна	№ 82 арнайы сәблер бақшасы	Әдіскер	Профилактика эмоционального выгорания педагогов

№ 2 қосымша

№	Педагогтің аты-жөні	Білім беру ұйымы	Лауазымы	Тақырыбы
1	Шарипов Еламан Аскарулы	№ 2 ЖОМ	Көркем еңбек	Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің «Бейнелеу өнері» пәнінен жұмыс дәптері
2	Сарсенова Баян Оразбайқызы	Ә. Бөкейхан ЛМ	География	География пәнінен жұмыс дәптері
3	Ахметова Менсулу Мукашевна	№ 14 ЖОМ	Биология	Природа родного края
4	Рудь Надежда Павловна	С. Торайгыров атындағы ЖОМ	Бастауыш сынып	Сборник логических заданий по математике для младших школьников
5	Стахова Еркежан Сайранқызы	С. Торайгыров атындағы ЖОМ	Бастауыш сынып	Ертегілер әлеміне саяхат
6	Дегтярева Галина Сергеевна	№ 29 ЖОМ	Көркем еңбек	Создание декоративного натюрморта при помощи стилизации форм на уроках художественного труда
7	Нагам Айслу	№ 30 ЖОМ	Қазақ тілі мен әдебиет	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған оқу-әдістемелік құрал (9 сынып, оқыту орыс жүретін мектептерге)
8	Тюменева Роза Акифовна	№ 26 ЖОМ	Бастауыш сынып	«Эрудит» (программа элективного курса, 3 класс)
9	Игошин Виталий Владимирович	№ 39 ЖОМ	Дене шынықтыру	Специфика скоростно – силовой подготовки школьников 12-13 лет, занимающихся в школьной секции баскетбола
10	Смакова Айнур Сапарғалиевна	М. Әуезов атындағы ЖОМ	Логопед	Обогащение словарного запаса детей с общим недоразвитием речи (ОНР) в условиях инклюзивного образования
11	Кожыханова Анастасия Токтасыновна	№ 21 ЖОМ	Информатика	Рабочая тетрадь по предмету «Цифровая грамотность», 1 класс

Е. М. Мамбетов

12	Туртулова Замзагуль Халитовна	№ 29 ЖОМ	Тарих	Цифровая история Казахстана: искусственный интеллект в изучении прошлого
13	Шакенов Бекмурат Маратович	№ 29 ЖОМ	Ағылшын тілі	Иностранный язык вокруг нас
14	Уантаева Мадина Маратовна	М. Әуезов атындағы ЖОМ	Ағылшын тілі	Методическое пособие «Across cultures»
15	Ахметзянова Елена Равильевна	№ 21 ЖОМ	Орыс тілі мен әдебиеті	Литературные тексты и задания. Русская литература. 7 класс
16	Бегембай Балауса Рақымқызы	Кенжекөл ЖОМ	Орыс тілі мен әдебиеті	Формирование функциональной грамотности на уроках русского языка и литературы
17	Жакашбаева Ақбота Жолболдықызы	№ 33 ЖОМ	Физика	Интеграцияланған «Хакерлер» клубының бағдарламасы

№ 3 қосымша

№	Педагогтің аты-жөні	Білім беру ұйымы	Лауазымы	Тақырыбы
1	Асильбекова Назымгуль Бейсенбековна	«Жігер» балалар- жасөспірімдер клубы	Қосымша білім беру педагогы	Образовательная программа творческой студии «ИЗОбразим»

Асильбекова

«Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ

Шаринов Еламан Аскарлович

көркем еңбек мұғалімі

***Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
негізгі орта білім беру деңгейінің «Бейнелеу өнері» пәнінен
жұмыс дәптері
5-сынып***

Павлодар, 2024 жыл

Түсіндірме жазба

Өзектілігі: Қазіргі білім беру жүйесінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту маңызды. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін бейнелеу өнері пәні – олардың танымдық, эстетикалық, және моторлық дағдыларын дамытуға ықпал ететін тиімді құрал. Бейнелеу өнері арқылы оқушылар өз ойын, сезімін, қиялын сурет арқылы жеткізуді үйренеді. Бұл пән оларға өзін-өзі тануға, әлемді эстетикалық тұрғыдан қабылдауға және өз шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Бағыты: Әдістемелік құрал жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға бейнелеу өнерінің негіздерін меңгертуге бағытталған. Бұл құрал оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың эстетикалық талғамын жетілдіруге және практикалық дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Ерекшеліктері: Әдістемелік құрал оқушылардың жас ерекшеліктерін, даму деңгейін және мүмкіндіктерін ескере отырып жасалған. Құралда қарапайым және түсінікті тапсырмалар, интерактивті оқыту әдістері, практикалық жұмыстар, визуалды материалдар, рөлдік ойындар, сондай-ақ мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсыныстар мен бағалау тәсілдері қамтылған.

Жұмыс дәптерінің мақсаты: Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар 5-сынып оқушыларының бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттыру, көркемдік дағдыларын дамыту, бейнелеу жанрларын (портрет, пейзаж, натюрморт) меңгерту және өз ойын сурет арқылы жеткізуге үйрету.

Міндеттері:

- ✓ Бейнелеу өнерінің негізгі ұғымдарын қарапайым әрі түсінікті түрде ұсыну.
- ✓ Оқушыларға практикалық тапсырмалар арқылы көркемдік дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беру.
- ✓ Бейнелеу өнерінің жанрлары туралы білім қалыптастыру (портрет, пейзаж, натюрморт).
- ✓ Сурет салу барысында бояу түсін, пішіндерін дұрыс таңдау дағдысын қалыптастыру.

Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі: Әдістемелік құрал жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып жасалған. Қолданылатын әдістер мен тапсырмалар оқушылардың даму деңгейіне сай таңдалып, бейнелеу өнерінің негізгі ұстанымдарына негізделген.

Жаңашылдық, педагогикалық мақсаттылық: Бұл құрал оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, бейнелеу өнерін меңгерудің қарапайым әрі қолжетімді әдістерін ұсынады. Практикалық жұмыстар мен визуалды тапсырмалар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Теориялық маңыздылығы: Құрал бейнелеу өнерінің теориялық негіздерін қарапайым және түсінікті тілмен түсіндіреді. Бұл мұғалімдерге

оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттыруда теориялық білімдерін жетілдіруге көмектеседі.

Практикалық маңыздылығы: Құралда қарапайым тапсырмалар, практикалық жұмыстар, көркем шығармашылыққа баулитын жағдаяттық тапсырмалар қамтылған. Бұл оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау, шығармашылық қабілеттерін көрсетуіне мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелер және оларды тексеру тәсілдері: Бұл әдістемелік құрал оқушылардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық және практикалық дағдыларын қалыптастырады. Оқушылардың даму деңгейі мен шығармашылық жетістіктері жүйелі түрде бағаланып, нәтижелерге сәйкес оқыту әдістері жетілдіріледі.

1. Оқушылардың шығармашылық дағдыларының дамуы

- Қарапайым бейнелерді салу және бояу дағдыларының қалыптасуы;
- Композиция құру, түс таңдау дағдыларының жетілуі;
- Өз жұмыстарын таныстыру, пікір айту дағдыларының дамуы.

2. Танымдық және практикалық дағдылардың дамуы

- Қоршаған әлемді эстетикалық тұрғыдан қабылдау қабілетінің артуы;
- Қарапайым көркемдік әдістерді меңгеру және қолдану дағдыларының қалыптасуы;
- Қол моторикасының дамуы.

3. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің артуы

- Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс жүргізудің тиімді әдістерін меңгеру;
- Оқыту процесін ұйымдастыруда жаңа әдістерді қолдану;
- Бағалау жүйесін жетілдіру арқылы оқушылардың даму динамикасын бақылау.

Тексеру тәсілдері:

- Практикалық жұмыстар арқылы оқушылардың дағдыларын бағалау;
- Портфолио жинақтау арқылы шығармашылық жұмыстарды бақылау;
- Өзін-өзі бағалау және рефлексия жүргізу;
- Мұғалімдерге арналған әдістемелік қолдау көрсету, сабақтарды талдау және шеберлік сыныптар ұйымдастыру.
- Оқушыларды бірізділікпен жұмыс жасауға және өз жұмысын бағалауға үйрету.

Құрылымы:

Дәптер бөлімдерден тұрады, әр бөлім оқушылардың күнделікті өміріне қатысты нақты тақырыптарды қамтиды. Әрбір бөлімде теориялық материалдар, практикалық тапсырмалар, суреттер, кестелер беріледі.

Тапсырма түрлері:

- ✓ Суреттерді сәйкестендіру;
- ✓ Қысқа мәтіндерді оқу және сұрақтарға жауап беру;
- ✓ Кестелерді толтыру;
- ✓ Берілген жағдаятты талдау және дұрыс шешімді таңдау;
- ✓ Коллаж жасау, рөлдік ойын көрсету;

- ✓ «Дұрыс-бұрыс» тапсырмалары;
- Қолдану бойынша ұсыныстар:**
- ✓ негізгі немесе қосымша материал ретінде;
- ✓ өз бетінше әрекет етуге дағдыландыру барысында;
- ✓ күнделікті өмірге бейімдеуге;
- ✓ үйде қолдау көрсетуге.

Жұмыс дәптері 5-сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» пәні бойынша жұмыс дәптері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, көркемдік талғамын қалыптастыруға және бейнелеу өнерінің негізгі ұғымдарын меңгеруге көмектесетін маңызды құрал болып табылады.

Дәптердегі тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне және ерекше білім беру қажеттіліктеріне сай әзірленген. Олар теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, көркем ойлау, қиялды дамыту және сурет салу дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар бірлесіп жұмыс істегенде, бұл құрал оқушылардың өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан дамытуына, өнерге деген қызығушылығын арттыруға және эстетикалық талғамын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жұмыс дәптерін жүйелі және белсенді пайдалану оқушылардың көркемдік қабілеттерін дамытып, олардың сурет салуда өз ойын еркін жеткізе білуіне мүмкіндік береді.

Мазмұны:

1-тоқсан	8
I бөлім: Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу	
Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар	8
Сезімдерді білдіру мен иеяларды қолдану	10
II бөлім. Шығармашылық туындыларды жарату және жасау	12
Сәндеп сурет салу	12
Тақырыптық сурет салу	15
Түпнұсқа затқа қарап сурет салу	18
Бейнелеу өнерінің тәсілдері	21
Жоспарлау	24
III бөлім. Шығармашылық жобалау	26
Презентация	26
2-тоқсан	28
I бөлім: Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу	
Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар	28
Сезімдерді білдіру мен иеяларды қолдану	29
II бөлім. Шығармашылық туындыларды жарату және жасау	31
Сәндеп сурет салу	31
Тақырыптық сурет салу	34
Түпнұсқа затқа қарап сурет салу	36
Бейнелеу өнерінің тәсілдері	38
Жоспарлау	41
III бөлім. Шығармашылық жобалау	43
Презентация	43
3-тоқсан	45
I бөлім: Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу	
Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар	45
Әлем халықтарының мәдениеті мен дәстүрлері	47
Сезімдерді білдіру мен иеяларды қолдану	50
II бөлім. Шығармашылық туындыларды жарату және жасау	52
Сәндеп сурет салу	52
Тақырыптық сурет салу	54
Түпнұсқа затқа қарап сурет салу	55
Бейнелеу өнерінің тәсілдері	57
Жоспарлау	59
III бөлім. Шығармашылық жобалау	61
Презентация	61
4-тоқсан	62
I бөлім: Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу	
Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар	62
Сезімдерді білдіру мен иеяларды қолдану	64
II бөлім. Шығармашылық туындыларды жарату және жасау	66
Тақырыптық сурет салу	66
Түпнұсқа затқа қарап сурет салу	68
Бейнелеу өнерінің тәсілдері	70
Жоспарлау	72
III бөлім. Шығармашылық жобалау	74
Презентация	74
Қорытынды	81
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	82

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Бөлім	Тақырыптар	Сағат саны			Ескерту
			Барлығы	Теория	Тәжірибе	
1-тоқсан						
1	Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу	Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар	1		1	
2		Сезімдерді білдіру мен иеяларды қолдану	1		1	
3	Шығармашылық туындыларды жарату және жасау	Сәндеп сурет салу	1		1	
4		Тақырыптық сурет салу	1		1	
5		Түпнұсқа затқа қарап сурет салу	1		1	
6		Бейнелеу өнерінің тәсілдері	1		1	
7		Жоспарлау	1		1	
8	Шығармашылық жобалау	Презентация	1		1	
2-тоқсан						
9	Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу	Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар	1		1	
10		Сезімдерді білдіру мен иеяларды қолдану	1		1	
11	Шығармашылық туындыларды жарату және жасау	Сәндеп сурет салу	1		1	
12		Тақырыптық сурет салу	1		1	
13		Түпнұсқа затқа қарап сурет салу	1		1	
14		Бейнелеу өнерінің тәсілдері	1		1	
15		Жоспарлау	1		1	
16	Шығармашылық жобалау	Презентация	1		1	
3-тоқсан						
17	Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу	Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар	1		1	
18		Әлем халықтарының мәдениеті мен дәстүрлері	1		1	
19		Сезімдерді білдіру мен иеяларды қолдану	1		1	
20	Шығармашылық туындыларды жарату және	Сәндеп сурет салу	1		1	
21		Тақырыптық сурет салу	1		1	

22	жасау	Түпнұсқа затқа қарап сурет салу	1		1	
23		Бейнелеу өнерінің тәсілдері	1		1	
24		Жоспарлау	1		1	
25	Шығармашылық жобалау	Презентация	1		1	
4-тоқсан						
26	Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу	Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар	1		1	
27		Сезімдерді білдіру мен идеяларды қолдану	1		1	
28	Шығармашылық туындыларды жарату және жасау	Тақырыптық сурет салу	1		1	
29		Түпнұсқа затқа қарап сурет салу	1		1	
30		Бейнелеу өнерінің тәсілдері	1		1	
31		Жоспарлау	1		1	
32	Шығармашылық жобалау	Презентация	1		1	
33	Жыл бойы оқығанды қайталау		2		2	

1-бөлім «Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу»

1-сабақ

Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар


Мақсаты: 5.1.1.1 бейнелеу өнеріндегі келесі жанрларды білу: портрет, натюрморт, пейзаж;

5.1.1.4 композиция туралы түсінігі болу.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Портрет дегеніміз не?
- Натюрморт дегеніміз не?
- Пейзаж дегеніміз не?

2-тапсырма. Төменде берілген суреттерді сәйкестендір.



ПОРТРЕТ

НАТЮРМОРТ

ПЕЙЗАЖ


3-тапсырма. Төменде көрсетілген композицияны талдау. Сұрақтарға жауап беру.



- Суретте неше элемент бар?
- Қандай бөліктер бір-біріне қарама-қарсы орналасқан?
- Негізгі нысан қай жерде орналасқан?

- Бұл суретте композиция қалай орналасқан?
- Негізгі элемент қандай?

4- тапсырма. «Өз портретіңді сал»



1-сабақ

Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар

Бағалау критерилері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
- Портрет дегеніміз не? - Натюрморт дегеніміз не? - Пейзаж дегеніміз не?	1	Портрет дегеніміз не екенін жазады; Натюрморт дегеніміз не екенін жазады; Пейзаж не екенін жазады;	1 1 1
Төменде берілген суреттерді сәйкестендір.	1	Төменде берілген суреттерді сәйкестендіреді;	1
Төменде көрсетілген композицияны талдау. Сұрақтарға жауап беру	1	Төменде көрсетілген композицияны талдайды. Сұрақтарға жауап береді;	1
«Өз портретіңді сал»	1	Өз портретін салады;	1

2-сабақ

Сезімдерді білдіру мен иеяларды қолдану

Мақсты: 5.1.3.1 суреттегі бейнеленген адамдардың эмоционалдық жағдайын анықтай білу.

1-тапсырма. «Көңіл-күй мен түс» ойыны

Әртүрлі түстердің суреттері беріледі. Сол түстерге сәйкес келетін эмоцияларды анықта. Ойлану арқылы осы түстердің эмоциямен байланысын талқыла. Суреттегі түстерді бейнелейтін эмоцияларды түсіну үшін ойыңызбен байланыстырып көр.



Қызыл түс қандай эмоцияны білдіреді?



Көк түс қандай эмоцияны білдіреді?




Сары түс қандай көңіл-күйді білдіруі мүмкін?

2-тапсырма. Суреттегі адамның эмоциясын анықтау тапсырмасы

Әртүрлі эмоциялар бейнеленген суреттер арқылы суреттегі адамның қандай күйде екенін түсініп, сезімін ата.



3-тапсырма. Эмоцияларды сурет арқылы көрсету тапсырмасы
Қандай көңіл-күйде, сезімде екенін түрлі-түсті қарындаш арқылы бейнеле.



2-сабақ

Сезімдерді білдіру мен иеяларды қолдану

Бағалау крийтерилері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
«Көңіл-күй мен түс» ойыны	1	Түстерге сәйкес келетін эмоцияларды анықтайды;	1
Суреттегі адамның эмоциясын анықтау тапсырмасы	1	Суреттер арқылы суреттегі адамның қандай күйде екенін атайды;	1
Эмоцияларды сурет арқылы көрсету тапсырмасы	1	Қандай көңіл-күйде, сезімде екенін түрлі-түсті қарындаш арқылы бейнелейді.	1

2 – бөлім «Шығармашылық туындыларды жарату және жасау»

3 – сабақ

Сәнден сурет салу


Мақсаты:

5.2.1.1 геометриялық және өсімдік элементтерінен сызық бойына, шыршаға, шеңберге және орталыққа бағытталған сызыққа өрнектер жасау;

5.2.1.2 сурет контурын сақтай отырып, өрнек элементтерін бояу.


1-тапсырма. Геометриялық элементтерден өрнек жасау тапсырмасы.

Геометриялық элементтер (шеңбер, сызық, үшбұрыш, төртбұрыш) берілді. Осы элементтерді пайдаланып, сызық бойына өрнек жасау қажет.




2-тапсырма. Шыршаға бағытталған өрнек жасау тапсырмасы.

Көрсетілген фигураларды пайдалана отырып, шырша құра. Оны көрсетілген әртүрлі геометриялық фигуралармен безендір.





3-тапсырма. Өрнектерді бояу және контурды сақтау тапсырмасы.
Оюларды акварель қолдану арқылы боя.





3-сабақ

Сәндеп сурет салу

Бағалау крийтерилері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
Геометриялық элементтерден өрнек жасау тапсырмасы.	1	Элементтерді пайдаланып, сызық бойына өрнек жасайды	1
Шыршаға бағытталған өрнек жасау тапсырмасы.	1	Көрсетілген әртүрлі геогметриялық фигуралармен безендіреді	1
Өрнектерді бояу және контурды сақтау тапсырмасы.	1	Оюларды акварель қолдану арқылы бояйды	1


4-сабақ

Тақырыптық сурет салу


Мақсаты:

5.2.2.2 көріп бақылау немесе оқу арқылы алған сезімдерін суретке түсіре білу.

1-тапсырма. "Күзгі орман" тапсырмасы. Күзгі орманды көз алдына елестетіп, оның бояулары мен табиғатын түсінуге тырыс. Түрлі ағаштар, жапырақтар және жануарларды өз суреттерінде гуашь бояуын қолдана отырып, бейнеле.



2 – тапсырма. "Менің көңіл-күйім". Қуанышты көңіл-күйді ашық түстермен, мұңды көңіл-күйді суық түстермен көрсет. Дайын суретті қысқаша сипаттап, не себепті осы түстерді таңдағанын айтып бер.



3 – тапсырма. "Ертегі әлемі". Ертегіні оқы, ертегі желісі бойынша өз қиялдарынан сурет сал.

Ерте заманда бір кедей етікші болыпты. Бала-шағасы көп екен. Үй-ішін асырау үшін ол ел аралап, қобдиын құшақтап жүріп, етік тігіпті. Күндердің күнінде қобдиын қолтықтап, таныс емес бір ауылға аттанады. Бұрын жүрмеген жолы болған соң, етікші адасып кетеді. Түн болады. Ақырында, етікші далада жалғыз тұрған иесіз үйге кездеседі. Иесіз қыстаудың ішіне кірген етікші пештің үстіне шығып, қобдиын басына төсеп жата кетеді. Бір уақытта салдыр-гүлдір еткен бір нәрсенің даусы шығады. Етікші есікке қараса маңдайында жарқыраған жалғыз көзі бар, бір еңгезердей дәу кіріп келе жатыр екен.

— Пеш үстінде жатқан қандай адам? – деп сұрайды дәу. Етікші:

— Бұл - етікші, – деп жауап береді.

— Бізге керек шебер етікшімісің? – дейді. Сонан соң дәу бұйырып:

— Кәне, бері кел, шебер, мына үйге кір. Егер ертеңге дейін бір керемет етік тіксең, жаның аман қалады. Ал, егер орындамасаң, басыңды аламын, – дейді де етікшіні ішке кіргізеді.

Дәудің өзі есіктің алдына жатып ұйқыға кіріседі. Етікші ішінен:

— Енді өмірім жойылды, өліп кетсем, бала-шағамды кім асырар екен? – деп үрейленеді.

Амалы таусылған етікші таң атқанша отырып ғажайып етік тігеді. Етіктің сыртқы көрінісінің басқа етіктерден айырмашылығы - ұшы тіп-тік сүйір, жоғары көтеріліп тұрады. Ал оның бір керемет қасиеті - аяғына киген адам аспанға қалықтап ұшып, баратын жеріне лезде жетіп барады. Бірақ ол дәудің оны оңай үйіне жібере қоймасын біліп:

— Бәрібір дәу қолынан өлемін. Одан гөрі бұл дәуді өзім өлтірейін, – деп, өткір пышағын алады.

Дәу ұйқыға кетті-ау деген кезде, етікші етігін киіп, сыртқа шығады. Қалықтап ұшқан күйі қолындағы пышағымен дәудің жалғыз көзін түйреп алады. Дәу бақырып:


— Ер болсаң, екі соқ, – дейді. Етікші:

— Бір де жетер, – деп, дәудің үстінен ұшып өтеді. Ал, дәу жарақаттан табанда өлген екен дейді.

Етікші сыртта тұрып әрі ойлап, бері ойлап, иесіз үйдің төбесіне шығып түнейді. Таң атқан соң, дәудің үйін аралап, қарап шығады. Үйдің бір қараңғы жерінде темір сандық тұр екен. Етікші темір сандықты әзер дегенде ашады. Оның іші толған алтын-күміс екен. Бұдан кейін етікші алтын мен күмісті керегінше алып, ғажайып етігін киіп, үйіне ұшып келеді.

Дәуден алған байлығының жартысын еліндегі жетім-жесірлерге таратып береді.

Осылай, етікші тұратын ауылдың тұрмыстары жақсарып, мұраттарына жетеді. Ал, қартайған кезінде етікшіні балалары асырапты.



4-сабақ
Тақырыптық сурет салу

Бағалау критерилері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
"Күзгі орман"тапсырмасы	1	Суреттерінде гуашь бояуын қолдана отырып, бейнелейді	1
"Менің көңіл- күйім" тапсырмасы	1	Суретті қысқаша сипаттайды	1
"Ертегі әлемі". Ертегіні оқы, тапсырмасы	1	Ертегіні оқыйды, ертегі желісі бойынша өз қиялдарынан сурет салады	1

5-сабақ
Түпнұсқа затқа қарап сурет салу

Мақсаты: 5.2.3.1 жеке бақылауларын суретке түсіре білу;


5.2.3.2 суретте бейнеленетін заттардың салыстырмалы көлемін көрсете білу.

1-тапсырма. «Күнделікті заттар». Берілген үлгідегі заттарды қарама-қарсы бағанда түрлі-түсті қарындаштарды қолдана отырып, көшірмесін сал.


	
	
	



2 – тапсырма. «Сүйікті ойыншығым». Геометриялық пішіндерді пайдалана отырып, сүйікті ойыншығының суретін сал.



3 – тапсырма. Үйде қолданылатын әртүрлі ыдыстардың түпнұсқаларына қарап, көшірмесін бейнеле.





5-сабақ

Түпнұсқа затқа қарап сурет салу

Бағалау критерилері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
«Күнделікті заттар» тапсырмасы	1	Түрлі-түсті қарындаштарды қолдана отырып, көшірмесін салады	1
«Сүйікті ойыншығым» тапсырмасы	1	Геометриялық пішіндерді пайдалана отырып, сүйікті ойыншығының суретін салады	1
Үйде қолданылатын әртүрлі ыдыстардың түпнұсқаларына қарап, көшірмесін бейнеле.	1	Үйде қолданылатын әртүрлі ыдыстардың түпнұсқаларына қарап, көшірмесін бейнелейді	1

6-сабақ
Бейнелеу өнерінің тәсілдері

Мақсаты: 5.2.4.1 әр түрлі көлемді қыл қаламмен жұмыс істей білу, қыл қаламның ұшымен немесе толық көлемімен сурет салу;
5.2.4.2 көрініс объектісін талдай білу: пішіні мен түсін анықтау, құрамдық бөліктерінің көлемін салыстыру;
5.2.4.3 қол жетімді құралды қолдана отырып, зат көлемін көрсету;
5.2.4.4 түстің айқындығын бояуға су қосу арқылы әлсірету;
5.2.4.5 сурет салуда бірізділікті сақтау;
5.2.4.6 суретте заттың пішінін, құрылымын, үйлесімділігі мен түсін бере білу;
5.2.4.7 симметриялық пішінді заттардың суретін салу барысында ортаңғы сызық бойымен жұмыс істей білу.

1 – тапсырма. Төмендегі кестені толтырыңыз. Берілген құралдардың қайсысы қандай мақсатта қолданылатынын жазыңыз.

№	Құрал атауы	Қолдану мақсаты (не үшін қолданылады?)
1	Жіңішке қылқалам	
2	Қалың қылқалам	
3	Су	
4	Акварель бояуы	
5	Пастель бояуы	

2 – тапсырма. Төмендегі заттар мен олардың сипаттамаларын сәйкестендіріңіз.

№	Сурет салу элементтері	Сипаттамасы
1	Пейзаж	Адамның бет-бейнесін бейнелеу
2	Натюрморт	Табиғат көрінісін бейнелеу
3	Портрет	Заттар мен жемістерді бейнелеу
4	Композиция	Суреттегі заттардың үйлесімі


3 – тапсырма. Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.

№	Сөйлем	Дұрыс (✓)	Бұрыс (X)
1	Акварель бояуына су қосқанда түсі ашық болады.		

2	<i>Қылқаламды тек бір бағытта жүргізу керек.</i>		
3	<i>Композиция – суреттегі заттардың үйлесімі.</i>		
4	<i>Пейзаж – адамның бейнесін салу.</i>		
5	<i>Қалың қылқалам ұсақ детальдарды салуға қолайлы.</i>		

4 – тапсырма. Төменде көрсетілген фигуралар мен пішіндердің симметрия әдісін пайдалана отырып, суретті жалғастыр.





6-сабақ

Бейнелеу өнерінің тәсілдері

Бағалау критерийлері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
Төмендегі кестені толтырыңыз	1	Төмендегі кестені толтырады	1
Төмендегі заттар мен олардың сипаттамаларын сәйкестендіріңіз.	1	Төмендегі заттар мен олардың сипаттамаларын сәйкестендіреді	1
Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.	1	Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтайды	1
Төменде көрсетілген фигуралар мен пішіндердің симметрия әдісін пайдалана отырып, суретті жалғастыр.	1	Төменде көрсетілген фигуралар мен пішіндердің симметрия әдісін пайдалана отырып, суретті жалғастырады	1

Мақсаты: 5.2.5.1 өрнектің суретін салу кезінде бірізділікті сақтау;
5.2.5.2 сурет салу кезінде бірізділікті сақтау.

1 – тапсырма. Төмендегі өрнек немесе сурет салу кезіндегі қадамдарды дұрыс ретпен орналастырыңыз.

№	Сурет салу қадамы	Дұрыс реті
1	Суреттің негізгі бөліктерін белгілеу	
2	Қаламмен немесе қылқаламмен контур сызу	
3	Өрнектің бөлшектерін толықтыру	
4	Қателерді түзету, артық сызықтарды өшіру	
5	Суретті бояу немесе штрихтау	

2 – тапсырма. Сурет немесе өрнек салуда қолданылатын құралдарды олардың қолдану мақсатына сәйкестендіріңіз.

№	Құрал атауы	Қолдану мақсаты
1		Суреттің алғашқы нобайын жасау
2		Қателерді түзету
3		Бояу жұмыстарын орындау

4		Түзу сызықтарды салу
---	---	----------------------

3 – тапсырма. Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.

№	Сөйлем	Дұрыс (✓)	Бұрыс (X)
1	Өрнек салғанда қадамдарды сақтау маңызды.		
2	Бірден бояуға кірісу ең дұрыс тәсіл.		
3	Контур сызбасынсыз сурет толық көрініс бере алады.		
4	Өрнектің бөлшектерін бірдей қашықтықта орналастыру қажет.		
5	Сызғышты тек математикалық есептерде қолданамыз.		

8-сабақ

Жоспарлау

Бағалау критерийлері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
Төмендегі өрнек немесе сурет салу кезіндегі қадамдарды дұрыс ретпен орналастырыңыз.	1	Төмендегі өрнек немесе сурет салу кезіндегі қадамдарды дұрыс ретпен орналастырады	1
Сурет немесе өрнек салуда қолданылатын құралдарды олардың қолдану мақсатына сәйкестендіріңіз.	1	Сурет немесе өрнек салуда қолданылатын құралдарды олардың қолдану мақсатына сәйкестендіреді	1
Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз	1	Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтайды	1

3 – бөлім «Шығармашылық жобалау»

8-сабақ

Презентация

Мақсаты: 5.3.1.1 өз жұмысының (сызба, сурет) мазмұны, тәсілін, орындалуын түсіндіре отырып, таныстыру;

5.3.1.2 жоспар бойынша жұмыс сапасын талдау.

1 – тапсырма. Өз жұмысыңызды таныстыру үшін төмендегі кестені толтырыңыз.

№	Сұрақтар	Жауап
1	Жобаның немесе суреттің атауы қандай?	
2	Бұл жұмысты қандай материалдармен жасадыңыз?	
3	Сурет салу немесе сызба жасау кезінде қандай тәсіл қолдандыңыз?	
4	Жұмысты орындау барысында қандай қиындықтар кездесті?	
5	Өзіңіздің жұмысыңызға қандай баға берер едіңіз?	

2 – тапсырма. Төмендегі сөздер мен олардың анықтамаларын дұрыс сәйкестендіріңіз.

№	Сөздер	Анықтамалар
1	Презентация	Өз жұмысыңызды таныстыру процесі
2	Жоспарлау	Жұмыс ретін, қандай материалдар қолданылатынын анықтау
3	Орындау	Сызба немесе суретті салып шығару
4	Талдау	Жұмыс сапасын тексеру, қателерін түзету

3 – тапсырма. Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.

№	Сөйлем	Дұрыс (✓)	Бұрыс (X)
1	Презентация жасау кезінде өз жұмысың туралы түсіндіру керек.		
2	Жұмысты таныстырғанда тек оның атауын айту жеткілікті.		
3	Сурет немесе сызба салған кезде оның		

	<i>ретін сақтаудың қажеті жоқ.</i>		
4	<i>Өз жұмысыңды талдап, бағалау маңызды.</i>		
5	<i>Презентацияда тек сурет көрсету жеткілікті, ештеңе айтудың қажеті жоқ.</i>		

4 – тапсырма. *Суретті немесе сызбаны орындау ретін дұрыс орналастырыңыз.*

№	Қадамдар
1	<i>Қорытынды жасап, жұмысты бағалау.</i>
2	<i>Жоспар жасау: қандай сурет немесе сызба салатынын анықтау.</i>
3	<i>Тақырыпқа сәйкес материалдарды дайындау.</i>
4	<i>Суреттің негізгі элементтерін сызу.</i>
5	<i>Бояу немесе көлеңке беру арқылы толықтыру.</i>

Жауабы:    

8 -сабақ

Презентация

Бағалау крийтерилері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
<i>Өз жұмысыңызды таныстыру үшін төмендегі кестені толтырыңыз.</i>	1	<i>Өз жұмысыңызды таныстыру үшін төмендегі кестені толтырады</i>	1
<i>Төмендегі сөздер мен олардың анықтамаларын дұрыс сәйкестендіріңіз.</i>	1	<i>Төмендегі сөздер мен олардың анықтамаларын дұрыс сәйкестендіреді</i>	1
<i>Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз</i>	1	<i>Төмендегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтайды</i>	1
<i>Суретті немесе сызбаны орындау ретін дұрыс орналастырыңыз.</i>	1	<i>Суретті немесе сызбаны орындау ретін дұрыс орналастырыңыз.</i>	1

2 – тоқсан
1-бөлім «Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу»
9-сабақ

Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар

Мақсаты: 5.1.1.2 туындының белгілері мен ерекшеліктеріне байланысты оның жанрын анықтау.

1-тапсырма. Өнер туындыларының сипаттамасын дұрыс жанрымен сәйкестендіріңіз.

№	Сипаттама	Жанр
1	Табиғат көрінісі, орман, көл, таулар бейнеленген.	Тарихи жанр
2	Бір немесе бірнеше адам бейнесі салынған.	Натюрморт
3	Күнделікті өмір көріністері мен тұрмыс-салт бейнеленген.	Портрет
4	Жемістер, гүлдер немесе тұрмыстық заттар бейнеленген.	Пейзаж

2 – тапсырма. Берілген тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.

№	Тұжырым	✓ / ✗
1	Портрет – бұл адамның бейнесі салынған өнер туындысы.	
2	Натюрмортта тек адамдар бейнеленеді.	
3	Пейзаж – табиғат көрінісін бейнелейтін жанр.	
4	Тарихи жанр – тарихи оқиғаларды суреттейтін жанр.	

3 – тапсырма. Берілген суреттің жанрын анықтаңыз және оның ерекшеліктерін сипаттаңыз.

Сұрақтар:

1. Бұл қандай жанрдағы сурет?
2. Қандай белгілері арқылы жанрын анықтауға болады?
3. Бұл суретте қандай түстер басым?
4. Сурет сізге қандай көңіл-күй сыйлайды?

9 -сабақ

Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар

Бағалау критерийлері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
Өнер туындыларының сипаттамасын дұрыс жанрымен сәйкестендіріңіз	1	Өнер туындыларының сипаттамасын дұрыс жанрымен сәйкестендіреді	1
Берілген тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.	1	Берілген тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін анықтайды	1
Берілген суреттің жанрын анықтаңыз және оның ерекшеліктерін сипаттаңыз.	1	Берілген суреттің жанрын анықтаңыз және оның ерекшеліктерін сипаттайды	1

10-сабақ

Сезімдерді білдіру мен иеяларды қолдану

Мақсаты: 5.1.3.1 суреттегі бейнеленген адамдардың эмоционалдық жағдайын анықтай білу.

1-тапсырма. "Сезімдерді тап!" (Сәйкестендіру тапсырмасы).
Эмоцияларды ата және оларды сипатта.



Ашу

Таңғалу

Мұңаю

Қорқу

2-тапсырма. Суреттер бойынша сұрақтарға жауап бер.



<u>Сұрақтар</u>
<u>Бірінші адамның эмоциясы қандай?</u>
<u>Екінші адамның эмоциясы қандай?</u>
<u>Бұл адамдардың сезімдері қалай көрініс тапты?</u>
<u>Бұл адам неге ашулы болып көрінеді?</u>
<u>Қандай белгілер оның ашуланғанын көрсетеді?</u>

3-тапсырма. Кесте бойынша сұрақтарға жауап бер. Эмоциялар мен суреттердің сәйкестігін анықтау үшін кестеге назар аудар және сәйкес келетінін жаз.

Сурет №	Эмоция	Сипаттама
1	Қуаныш	Көздері төмен қараған, қасқырлап жылап тұрған адам.
2	Ашулану	Қорқып тұрған адам, бет әлпеті үрейлі.
3	Қорқыныш	Күлімсіреп тұрған адам, қолдар жоғары көтерілген.
4	Қайғы	Ашулы бет, айқайлап тұрған адам.

10 - сабақ Сезімдерді білдіру мен идеяларды қолдану

Бағалау критерийлері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
"Сезімдерді тап!"	1	Эмоцияларды ата және оларды сипаттайды	1
Суреттер бойынша сұрақтарға жауап бер	1	Суреттер бойынша сұрақтарға жауап береді	1
Кесте бойынша сұрақтарға жауап бер	1	Эмоциялар мен суреттердің сәйкестігін анықтау үшін кестеге назар аудар және сәйкес келетінін жазады	1

2 – бөлім «Шығармашылық туындыларды жарату және жасау»



11 – сабақ **Сәнден сурет салу**

Мақсаты:

5.2.1.1 геометриялық және өсімдік элементтерінен сызық бойына, шыршаға, шеңберге және орталыққа бағытталған сызыққа өрнектер жасау;


5.2.1.2 сурет контурын сақтай отырып, өрнек элементтерін бояу.

1-тапсырма. Геометриялық өрнек салу (Кесте арқылы). Түрлі геометриялық пішіндер берілді (шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш және т.б.). Осы пішіндерді сызық бойына, шыршаға немесе шеңберге бағыттап өрнектер салу керек.

Геометриялық пішіндер	Өрнек жасау үшін қолданылатын бағыттар
	Орталыққа бағытталған сызықтар арқылы
	Сызық бойымен таралу, орталыққа бағытталған
	Шеңберге немесе сызыққа бағыттау

2-тапсырма. Көрсетілген өсімдік элементтерінен өрнек жасау қажет.

Өсімдік элементтері	Өрнек жасау бағыттары
----------------------------	------------------------------

	<i>Сызық бойымен, шеңбердің ішіне бағыттау</i>
	<i>Орталықтан сыртқа қарай салу</i>
	<i>Тік немесе қисық сызықтарға бағыттау</i>

3-тапсырма. Өрнек контурын сақтап, гуашьпен бояу қажет.



11 – сабақ

Сәндеп сурет салу

Бағалау критерилері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
Геометриялық өрнек салу	1	Шыршаға немесе шеңберге бағыттап өрнектер салады	1
Көрсетілген өсімдік элементтерінен өрнек жасау қажет.	1	Көрсетілген өсімдік элементтерінен өрнек жасайды	1
Өрнек контурын сақтап, гуашьпен бояу қажет.	1	Өрнек контурын сақтап, гуашьпен бояйды	1


12-сабақ

Тақырыптық сурет салу


Мақсаты:

- 5.2.2.1 үлгіге қарап мерекеге арналған ашық хатты дайындау;
- 5.2.2.2 көріп бақылау немесе оқу арқылы алған сезімдерін суретке түсіре білу;
- 5.2.2.3 автокөлік суретін салу.

1-тапсырма. Мерекеге арналған ашық хат дайындау керек. Өз шығармашылығын пайдалана, оны безендіреді.



2-тапсырма.Берілген автокөлік суретін түрлі-түсті қарындашпен боя.



12 – сабақ

Тақырыптық сурет салу

Бағалау крийтерилері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
<i>Мерекеге арналған ашық хат дайындау керек.</i>	1	<i>Мерекеге арналған ашық хат дайындау керек. Өз шығармашылығын пайдалана, оны безендіреді</i>	1
<i>Берілген автокөлік суретін түрлі-түсті қарындашпен боя.</i>	1	<i>Берілген автокөлік суретін түрлі-түсті қарындашпен бояйды</i>	1

13-сабақ

Түпнұсқа затқа қарап сурет салу

Мақсаты: 5.2.3.1 жеке бақылауларын суретке түсіре білу;

5.2.3.2 суретте бейнеленетін заттардың салыстырмалы көлемін көрсете білу.

1-тапсырма. *Заттардың салыстырмалы көлемін көрсетеді. Үш түрлі зат (мысалы, алма, кітап және қорап) беріледі. Осы заттардың әрқайсысын салыстырмалы көлемде қағазға салуы керек.*

	<i>Алманың көлемі кітапқа қарағанда қандай болады?</i>
	<i>Қораптың көлемі алмаға қарағанда қалай үлкен?</i>
	<i>Бұл заттарды салу кезінде қандай өлшемдерді байқадыңыз?</i>

2-тапсырма. Түс пен пішіндерді сәйкестендір.

Пішіні	Түсі	Заттың атауы
Тікбұрыш	Жасыл	Доп
Дөңгелек	Қызыл	Кітап
Шар	Сары	Алма

3-тапсырма. Суретке түсірілген заттардың пішінін, көлемін және орналасуын салыстыру үшін кесте толтырыңыз.

№	Заттың атауы	Пішіні	Көлемі (үлкен/кіші)	Салыстырмалы көлемі
1	Алма	Дөңгелек	Үлкен	-
2	Сәбіз	Ұзынша	Кішкене	Сәбіз - алмаға қарағанда кішірек
3	Кітап	Төртбұрышты	Орташа	Кітап - алмаға қарағанда кіші, бірақ сәбізден үлкен
4	Тостаған	Дөңгелек	Орташа	Тостаған - кітаптан үлкен, сәбізден кіші

Тапсырма шарты:

- Суретте көрсетілген заттардың салыстырмалы көлемдерін дұрыс көрсетіңіз.
- Сурет салу кезінде олардың пішінін және көлемін нақты салыстырыңыз.

13 – сабақ

Түпнұсқа затқа қарап сурет салу

Бағалау критерилері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
Заттардың салыстырмалы көлемін көрсетеді	1	Заттардың салыстырмалы көлемін көрсетеді	1
Түс пен пішіндерді сәйкестендір.	1	. Түс пен пішіндерді сәйкестендіреді	1
Суретке түсірілген заттардың пішінін, көлемін және орналасуын салыстыру үшін кесте толтыр	1	Суретке түсірілген заттардың пішінін, көлемін және орналасуын салыстыру үшін кесте толтырады	1

14-сабақ

Бейнелеу өнерінің тәсілдері

Мақсаты: 5.2.4.1 әр түрлі көлемді қыл қаламмен жұмыс істей білу, қыл қаламның ұшымен немесе толық көлемімен сурет салу;

5.2.4.2 көрініс объектісін талдай білу: пішіні мен түсін анықтау, құрамдық бөліктерінің көлемін салыстыру;

5.2.4.3 қол жетімді құралдық бөліктерінің көлемін салыстыру;

5.2.4.4 түстің айқындығын бояуға су қосу арқылы әлсірету;

5.2.4.5 сурет салуда бірізділікті сақтау;

5.2.4.6 суретте заттың пішінін, құрылымын, үйлесімділігі мен түсін бере білу;

5.2.4.7 симметриялық пішінді заттардың суретін салу барысында ортаңғы сызық бойымен жұмыс істей білу.

1-тапсырма. Кесте толтыру (Қыл қаламмен жұмыс). Әр пішін үшін қыл қаламның қай бөлігімен жұмыс істейтінін таңдауы және тиісті түсті көрсетуі керек.

Сұрақтар	Қыл қаламның қай бөлігімен саласың?	Пішіні мен түсін таңда
Шар пішінді зат	Ұшы немесе толық көлемі	Қандай түс қолданасың?
Тікбұрышты пішін	Ұшы немесе толық көлемі	Қандай түс қолданасың?
Тең бұрышты зат	Ұшы немесе толық көлемі	Қандай түс қолданасың?

2-тапсырма. Сәйкестендіру тапсырмасы. Көрініс объектісін талдай білу, пішіні мен түсін анықтау, құрамдық бөліктерінің көлемін салыстырады.

	A) Қара түс
---	-------------



В) Ақ түс



С) Сары түс



Д) Көк түс

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1.Сурет салудың қай кезеңінде біз пішіндердің дұрыс орналасуын тексеруіміз керек?

Жауап:

2.Қыл қаламның ұшымен және толық көлемімен жұмыс істегенде қандай айырмашылықтар бар?

Жауап:

3.Бояу кезінде түс айқындығын қалай реттей аламыз?

Жауап:

4-тапсырма. Сурет салу – симметриялық пішіндер. Симметриялық пішіндердің мысалдары берілді. Оларға ортаңғы сызық бойымен дәл симметриялық түрде сурет салып аяқтау қажет.



14 – сабақ

Бейнелеу өнерінің тәсілдері

Бағалау критерийлері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
Кесте толтыру	1	Әр пішін үшін қыл қаламның қай бөлігімен жұмыс істейтінін таңдауы және тиісті түсті көрсетеді.	1
Сәйкестендіру тапсырмасы	1	Көрініс объектісін талдай біледі, пішіні мен түсін анықтайды, құрамдық бөліктерінің көлемін салыстырады	1
Сұрақтарға жауап бер	1	Сұрақтарға жауап береді	1
Сурет салу – симметриялық пішіндер.	1	Ортаңғы сызық бойымен дәл симметриялық түрде сурет салып аяқтайды	1

Мақсаты: 5.2.5.1 өрнектің суретін салу кезінде бірізділікті сақтау

5.2.5.2 сурет салу кезінде бірізділікті сақтау

1-тапсырма. Кесте толтыру (Өрнек салу). Әр өрнекті дұрыс салу үшін кестедегі әрекеттерді орындап, бірізділікті сақтауы қажет.

Өрнек түрі	Өрнек салу кезіндегі әрекет	Бірізділік сақтау жолы
Тік сызықтар	Бір-бірінен арақашықтық сақтай отырып, тік сызықтар салу	Тік сызықтар бірінен кейін бірі дұрыс орналасқанын тексеріңіз.
Дөңгелек	Ортасынан басталып, біртіндеп үлкендеу дөңгелектер салу	Әрбір дөңгелектің көлемі біркелкі болуы керек.
Жолақтар	Бірдей енде жолақтар салу	Жолақтардың ені бірдей болуы тиіс.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1.Өрнек салу кезінде ең алдымен не істеу керек?

Жауап:

2.Өрнектің әр бөлігін салу кезінде бірізділікті сақтау неліктен маңызды?

Жауап:



3.Сурет салудың қай кезеңінде бірізділікті сақтау өте маңызды?

Жауап:

3-тапсырма. Өрнек салу жаттығуы. Түрлі геометриялық пішіндер (шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш) беріліп, оларды бірізділікпен, нақты ретпен сал. Әр пішіннің дұрыс орналасуын және бірізділікті сақтау керектігін ескеру керек.

Төмендегі қадамдарды орында:

- Шеңбер салыңыз.
- Одан кейін төртбұрыш салыңыз.
- Үшбұрышты соңында салыңыз.



15 – сабақ

Жоспарлау

Бағалау крийтерилері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
Кесте толтыру	1	Кесте толтырады	1
Сұрақтарға жауап бер.	1	Сұрақтарға жауап береді	1
Өрнек салу жаттығуы	1	Әр пішіннің дұрыс орналасуын және бірізділікті сақтау керектігін ескереді	1

3 – бөлім «Шығармашылық жобалау»

16-сабақ

Презентация

Мақсаты: 5.3.1.1 өз жұмысының (сызба, сурет)мазмұны, тәсілін, орындалуын түсіндіре отырып, таныстыру;

5.3.1.2 жоспар бойынша жұмыс сапасын талдау.

1-тапсырма. Өз жұмыстарын түсіндіріп, кестедегі бағандарға өз

Жұмыс түрі	Тапсырманың мазмұны	Қолданған тәсілдер	Сіздің жұмысыңыз туралы түсінік
Сурет	Өсімдіктерді салу	Акварель, қыл қалам	Қандай өсімдіктерді салдыңыз? Неліктен оларды таңдадыңыз?
Сызба	Үйдің сызбасын жасау	Сызғыш, карандаш, түстер	Үйдің қандай бөлмелерін көрсеткіңіз келді?
Коллаж	Жабайы жануарларды салу	Түрлі-түсті қағаз, желім	Жабайы жануарлар туралы не білесіз?

жұмыстарын сипаттауы керек. Әр жұмыстың мазмұнын, қолданған тәсілдерін және жұмысы туралы өз түсінігін жазу қажет.

2-тапсырма. Сұрақтарға дұрыс жауап бер.

1.Сіз өз жұмысыңызды бастамас бұрын қандай жоспар құрдыңыз?

Жауап:

2.Жұмыс барысында қандай қиындықтар туындады және оларды қалай шештіңіз?

Жауап:

3.Өзіңіздің жұмыс сапасын қалай бағалайсыз? Не нәрсеге көңіл бөлдіңіз?

Жауап:

3-тапсырма. Сәйкестендіру (Жұмыс тәсілдері мен мазмұны). Әр жұмыс тәсілін дұрыс мазмұнымен сәйкестендіріп таңдайды.

1. Акварельмен сурет салу

а. Өсімдіктер мен гүлдер

2. Қыл қаламмен сызба жасау

б. Үйдің ішкі құрылымы

3. Коллаж жасау

с. Жабайы жануарлар

4. Графикалық сурет салу

д.Пейзаж немесе табиғат

4-тапсырма. Жұмыс сапасын талдау. Жоспар бойынша жұмыс сапасын талдау керек.

1. Қай кезеңде жұмыстың сапасы жақсарды? (Мысалы, белгілі бір әдіс қолданылғанда немесе жұмыс жоспары дұрыс құрылғанда)
2. Жұмыстың сапасын жақсарту үшін қандай әрекеттер жасадыңыз? (Мысалы, жұмыс кезінде түзету енгізу немесе қосымша материалдар пайдалану)

16– сабақ

Презентация

Бағалау критерийлері	Тапсырма	Дискриптор	Балл
Өз жұмыстарын түсіндіріп, кестедегі бағандарға өз жұмыстарын сипаттауы керек	1	Өз жұмыстарын түсіндіріп, кестедегі бағандарға өз жұмыстарын сипаттайды	1
Сұрақтарға дұрыс жауап бер.	1	Сұрақтарға дұрыс жауап береді	1
Сәйкестендіру	1	Әр жұмыс тәсілін дұрыс мазмұнымен сәйкестендіріп таңдайды.	1
Жұмыс сапасын талдау. Жоспар бойынша жұмыс сапасын талдау керек.	1	Жоспар бойынша жұмыс сапасын талдайды	1

3 – тоқсан

1-бөлім «Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу»

17-сабақ

